

«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы:
«Жыр толғайды жүрегім»
(мәнерлеп оқу сайысы)

Өткізген: Касымғалиева.М.О

2023-2024 оқу жылы

Сайыстың тақырыбы: «Жыр толғайды жүрегім»

Сайыстың мақсаты: Балалардың Ұлы ақынның балалық және жастық шағы, өскен ортасы туралы білімдерін тексере отырып, ақынды жас ұрпаққа таныту.

Абай шығармашылығын сүйіп оқуға, өмірін, қасиеттерін үлгі ете отырып, білім-ғылымға құмарлығын арттыру. Абай Құнанбаев туралы түсініктерін кеңейту, ақынның жыл мезгілдеріне арналған өлең - жырларын, дұрыс түсіне білуге бір - бірінен ерекшеліктерін айыра білуге баулу, шығармалар мазмұны бойынша өсиет - өлеңдерінен балаларға адамгершілік, адалдық, достық, еңбекті сүйеге, жалқаулыққа қарсы шығу, Отанды және елді қадірлеуге үйрету.

Көрнекілігі: А.Құнанбаев суреті слайд.

Тәрбиеші: Балалар, бүгін аптаның нешінші күні?

– Бесінші күн. Жұма.

– Жұма күнін қалай атаймыз?

Балалар: – «Үлкен жұма» – қасиетті, киелі күн ол күні өзімізді тәртіпті, мейірімді етіп ұстаймыз. Қатты сөйлемейміз, ұрыспаймыз.

Тәрбиеші: – Дұрыс айтасындар. Жұма күні бұрынғы ата - бабаларымызды еске аламыз.

Ал, бүгінгі жұма күнді біз Абай атамызға арнаймыз.

– Балалар, мен сендерге бір өлең оқып берейін мұқият тыңдаңдар.

Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң арқалан.

Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та бар қалан.

– Балалар, бұл кімнің өлеңі?

– Абай атаның өлеңі

– Дұрыс айтасындар.

Тәрбиеші: Мына суреттен кімді көріп тұрсындар?

Абай атаны көріп тұрмыз.

Тәрбиеші: – Абай атамыз Семейдің Шыңғыстау деген жерінде дүниеге келген. Әкесінің аты Құнанбай. Шешесінің аты Ұлжан.

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес.

Ол бірақ қайтіп келіп ойнап – күлмес.

Мені мен, менікінің айырылғанын,

“Өлді” деп ат қойыпты өңкей білмес.

Көп адам дүниеге бой алдырған,

Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.

Өлді деуге сыя ма, айтыңдаршы.

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған – дегендей бүгін біз артында өлмейтұғын сөз

қалдырған ұлы ақын атамыз – Абай Құнанбайұлы туралы сөз қозғамақпыз.

Абай қазақтың ұлы ақыны. Абай – сазгер, философ, ақын, ойшыл, аудармашы,

данышпан. Ол ел жұртының болашағын ойлап, халыты тұрмыстан, азаптан құтылудың

жолын меңзеп, оқу-білімге шақырған. Абай атамыз артына ойлы да, мәнді өлеңдерімен

бірге қара сөздерімен де өшпестей із қалдырған. Енді Абай атамыздың қара сөздерін

еске түсірейік.

Тәрбиеші:

Ендеше құрметті балалар, сайысқа қатысушы жас Абайтанушы достар, сендерге бүгінгі сайыста тек алға дегім келеді.

Бүгінгі сайысымыз бастайық.

I. Мәнерлеп оқу сайысы

Тәрбиеші:

Жүрсінші қолдап рухың дей келе мәнерлеп оқу сайысына қатысатын

бүлдіршіндерімізді ортаға шақырайық

-Ақын жаны кең еді,

Ойлаганы елі еді.

«Халқым, жұртым» дегенде

Талай шабыт кеп еді,

Дара ақын ер еді,

Жүрген жері төр еді.

Ақындар жырлап айтқандай

«Абай тіл иен көз» еді.

Абай жыры мәңгілік,

Аяулым:

Адам үш нәрседен қашу керек:

Біріншісі надандық,

Екіншісі еріншектік

Үшіншісі залымдық.

Фариза: Егер ақылды болғың келсе күніне бір рет немесе жұмада бір өзіңнен өзің есеп ал

Софья: Сәл нәрсені көңілге бекіту керек.

Кеселді нәрселерден қашық болу керек.

Әбухан: Адам ата - анадан туғанда есті болмайды, естіп - көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы - жаманды таниды.

Тәрбиеші: Міне, көрдіңдерме, Абай атамыз не жақсы, не жаман екенін көрсетіп берді.

Біз атамыздың өсиетін орындап жүруіміз керек.

Тәрбиеші: Біздің Республикамызда қандай ұлттар мекендейді?

Олар біздің елде қалай өмір сүріп отыр?

Ислам: Қазақ, орыс, өзбек, азербайжан, украин, беларус, латыш.

Олар тату, дос. Бір - бірінің тілін, дінін құрметтейді.

Тәрбиеші: Абай атамыз оны да бізге үйретіп кетті.

Тату ел - берекелі ел, көрікті де сұлу өлке болады. Өнімдері мол бай мемлекет болады деді.

Ол жайлы атамыз не айтты?

Әсем: Берекелі болса ел,

Жағасы жайлау ол бір көл,

Жапырағы жайқалып,

Бұлғақтайды соқса жел.

Тәрбиеші: Балалар, бір жылда неше мезгіл бар?

Балалар: 4 мезгіл. Қыс, көктем, жаз, күз.

— Өте жақсы, Абай ата осы төрт мезгілге арнап тамаша өлең жазған. Бұл өлеңдерінде табиғаттың әсем, сұлу көрінісі бейнеленген.

– Қане, осы өлеңдерін есімізге түсіріп жіберейік.

Жыл мезгілдері:

Қыс - құнар береді

Көктем - дән себеді

Жаз - бастап өсірсе

Күз - жинап береді

Арсен: Маған Абай атаның қыс туралы өлеңі ұнайды.

Айнала аппақ қар, сырғанап ойнаймыз.

Су қатып мұз болады.

Ақ киімді денелі, ақ сақалды,

Соқыр мылқау танымас тірі жанды

Үсті - басы ақ қырау, түсі суық

Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Әбухан.

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,

Соқыр, мылқау танымас тірі жанды.

Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,

Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Ғалым: Маған Абай атаның көктем туралы өлеңі ұнайды. Көктемде жер көктеп, бәйшешектер гүлдейді. Күн қызып, көбелектер ұша бастайды.

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы

Масатыдай құлпырар жердің жүзі

Жан - жануар адамзат анталаса

Ата - анадай елжірер күннің көзі.

Ержан:

Желсіз түнде жарық ай,

Сәулесі суда дірілдеп.

Ауылдың жаны терең сай,

Тасыған өзен күрілдеп.

Амирхан: Маған Абай атаның жаз туралы өлеңі ұнайды. Жазда күн жылынып жемістер піседі. Құстар ән салып ағаштарға қонады.

Жазды күні шілде болғанда

Көкорай шалғын, бәйшешек

Ұзарып өсіп толғанда

Күркіреп жатқан өзенге

Көшіп ауыл қонғанда

Ержан: Маған Абай атаның күз туралы өлеңі ұнайды. Күзде жапырақтар сарғаяды, күн салқындайды. Жеміс - жидек, көкөністер піседі.

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,

Күз болып дымқыл тұман жерді басқан

Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,

Жылқы ойнап, бие қашқан тай жарысқан.

Адай:

Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң арқалан.

Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та бар қалан

Тәрбиеші:

Қазақтың асқан кемелі

Жұрттың қамын жеп еді,

Ақынның рухы өлмейді,

Абай – ұлы себебі! Кешегі ауыр да күңгірт заманда жалын боп жанып өткен Абайдың осы мұрасы туган халқы үшін ешқашан да сарқылмайды. Абай туган елін қаншама сүйсе, елі үшін күңіреніп, тебіренсе бүгінгі ұрпақ оны сонша құрметпен сүйіп отыр. Абайдың көзі тірісінде жетпеген арманына біздің заманымызда жетіп отыр. Өйткені, бүгінгі ұрпақ көзі ашық, ғылымға, білімге, өнерге құмар. Абай атамыздың «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деген өсиетін көкіректе нық сақтайық.

- Сайысқа қатысқандарыңызға көп рахмет! Сау болыңыздар.

